

Р.З. Мұқышева*С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті Өскемен, Қазақстан**E-mail: raushangulmukusheva@mail.ru**ORCID: 0000-0003-2597-0946***ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНЕ МАЖАР ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ КӨЗҚАРАСЫ**

Аңдатпа. Мақалада 19 ғасырда мажар ғалымдарының қазақ әдебиетіне қатысты зерттеулері талданады. Қазақ әдебиеттануында қазақ әдебиетінің шетелдерде танылуына ерекше мән беріледі, себебі ұлт әдебиеті әлемдік үдерістерге үн қоса алатын жоғары деңгейде болуы тиіс. Қазақ ауыз әдебиетінің мұралары өткен ғасырларда Еуропадан қазақ жеріне саяхаттаған ғалымдардың еңбектері арқылы еуропалық, одан әрі әлемдік қауымдастыққа таныла бастады. Кейбір ғалымдар өздері тікелей қазақ жеріне сапар шекпесе де, сол ғасырдағы саяхатшылардың еңбектерін еуропа тілдеріне аударып басумен айналысты. Қазақ-мажар әдеби байланыстары осындай жазбалардан басталады. Мақалада бірінші рет трансильваниялық мажар полигисторы Шамуэль Брашшаидің «Қырғыз-қазақтар» (1835) атты этнографиялық очеркіндегі қазақ халқының ақындық таланты, көркемдік қиялының күші, суырып салмалық өнері туралы пікірлеріне қоса, «Ер Тарғын» жырынан келтірілген үзіндісіне талдау жасалды. Сонымен қатар 19 ғасырдағы атақты мажар түркітанушысы Армин Вамберидің «Орта Азияға саяхат» (1865), «Түркі нәсілі: этнологиялық және этнографиялық көзқарас» (1885) және тағы басқа еңбектеріндегі қазақ ауыз әдебиетінің өзіндік сипаты, жанрлық ерекшелігі туралы пікірлері мажар тілінен тікелей аударылып, салыстырмалы зерттеу әдісі арқылы талданып, әдебиеттанушы ғалымдардың назарына ұсынылып отыр. Мажар ғалымы Йозеф Туридің Орта Азия халықтары туралы «Орта Азия түркі әдебиеті» (1904) зерттеуі ортазиялық түркі әдебиетіне қоса алғанда қазақ әдебиетіне де ортақ әдеби құбылыстар мен ерекшеліктер туралы баяндайды. Мажар ғалымы бұл еңбегінде Орта Азиядағы жазба әдебиетінің дамуын сипаттайды. Бұл ғалымдардың жазып қалдырған еңбектеріндегі қазақ әдебиеті туралы құнды пікірлердің қазақ-мажар, қазақ-еуропалық әдеби байланыстар үшін өте маңыз зор деп ойлаймыз.

Кілт сөздер: қазақ фольклоры, орта азия әдебиеті, әдеби байланыстар, түркітану, мажар түркітануы, әлем әдебиеті, еуропалық қауымдастық, еуропа тілдері, әдеби мұра

Р.З. Мукушева*Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова,**Усть-Каменогорск, Казахстан**E-mail: raushangulmukusheva@mail.ru**ORCID: 0000-0003-2597-0946***Взгляд венгерских ученых на казахскую литературу**

Аннотация. В статье анализируются исследования ученых 19 века, касающиеся казахской литературы. В казахском литературоведении особое внимание уделяется признанию казахской литературы за рубежом, поскольку высоко развитая национальная литература должна быть активно подключена на мировые процессы. Наследие казахской устной литературы стало узнаваться в европейском, а затем и в мировом сообществе благодаря трудам ученых, путешествовавших из Европы в казахскую землю в прошлые века. Некоторые ученые, хотя и сами не ездили непосредственно в казахскую землю, но переводили труды тех ученых -этнографов, тюркологов, путешествовавших в Среднюю Азию и Казахстан, на европейские языки. Казахско-венгерские литературные связи начинаются с таких записей. Впервые в статье был проанализирован отрывок из поэмы «Ер Таргын» в этнографическом эссе венгерского полигистора из Трансильвании Шамуэля Брашшаи «Киргиз-казахи»

(1835), а также его рассуждения о поэтическом таланте казахского народа, о силе художественного воображения, об импровизаторском таланте казахов. Кроме того, впервые переводятся непосредственно с венгерского языка на казахский язык рассуждения известного венгерского тюрколога 19 века Армина Вамбери о своеобразии и жанровой специфике казахской устной литературы из его научных трудов, как «Путешествие в Среднюю Азию» (1865), «Тюркская раса: этнологический и этнографический взгляд» (1885) и анализируются с помощью метода сравнительного анализа и предлагается вниманию казахстанских ученых-литературоведов. Исследование венгерского ученого Йозефа Тури о народах Средней Азии «Тюркская литература Средней Азии» (1904) рассказывает о литературных явлениях и характеристиках литературы Средней Азии 19 века, общих и для казахской литературы. В этом труде венгерский ученый описывает развитие письменной литературы в этом регионе. Мы считаем, что ценные мнения о казахской устной литературе в произведениях этих ученых очень важны для казахско-венгерских, казахско-европейских литературных связей.

Ключевые слова: казахская литература, казахский фольклор, среднеазиатская литература, литературные связи, тюркология, венгерская тюркология, мировая литература, европейское сообщество, европейские языки, литературное наследие

R.Z. Mukusheva

S. Amanzholov East Kazakhstan University

E-mail: raushangulmukusheva@mail.ru

ORCID: 0000-0003-2597-0946

Hungarian Scholars' Perspectives on Kazakh Literature

Abstract. The study of Kazakh literature by 19th-century Hungarian scientists is examined in this article. Since a well developed national literature need to be actively involved in international literary processes, Kazakh literary studies places particular emphasis on the acknowledgment of Kazakh literature abroad. The legacy of Kazakh oral literature began to be recognized in Europe and then in the world community thanks to the works of scientists who traveled from Europe to the Kazakh land in the past centuries. Some scientists, although they did not travel directly to Kazakhstan, translated the works of those ethnographers and Turkologists who traveled to Central Asia and Kazakhstan into European languages. Kazakh-Hungarian literary relations begin with such records. For the first time, the article analyzed an excerpt from the poem «Er Targyn» in the ethnographic essay of the Hungarian polyhistor from Transylvania Sámuel Brassai «*Kazakhs*» (*Kirgiz kozákok*, 1835), as well as his reflections on the poetic talent of the Kazakh people, the power of artistic and the imaginative talents of the Kazakhs. In addition, for the first time, the arguments of the famous Hungarian Turkologist of the 19th century, Ármin Vámbéry, about the originality and genre specifics of Kazakh oral literature from his scientific works, such as *Travels in Central* (Közép-Ázsiai utazás, 1865) and *The Turkic People in its Ethnological and Ethnographic Connexions* (Török faj: Etnhnologiai és ethnographiai tekintetben, 1885), are translated directly from Hungarian into Kazakh and analyzed using the method of comparative analysis and proposed to the attention of literary scholars. The study of the Hungarian scientist Thury, József on the Literature of Central Asian turks: *Turkic Literature of Central Asia* (*A közép-ázsiai török irodalom*, 1904) tells about the literary phenomena and characteristics of the literature of Central Asia of the 19th century, common to Kazakh literature. In this work, the Hungarian scientist describes the development of written literature in this region. We believe that valuable opinions about Kazakh literature in the works of the mentioned Hungarian scholars are very important for Kazakh-Hungarian and Kazakh-European literary relations.

Keywords: Kazakh Literature, Kazakh Folklore, Central Asian Literature, Literary relations, Turkology, Hungarian Turkology, World Literature, European Community, European Languages, Literary heritage

1. Кіріспе

Қазақ әдебиетінің шетелдерде танылуы және насихатталуы әдебиетіміздің шетелдегі әдеби үдерістерге араласуы деңгейін, әлемдік әдеби қауымдастықтағы орнын айқындайды. Қазақ мәдениеті мен әдебиетінің танылуы тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде өзектілікке ие болды. Қазақ әдебиеттену ғылымында әдеби

байланыстырдың зерттелу тарихы Шоқан Уәлихановтың еңбектеріне айырықша мән берген (Сатпаева, 2012: 288) Шамшиябану Сатпаеваның зерттеулерінде кең өріс алды. «Қазақ әдебиетінің алыс шетел әдебиеттерімен өзара байланысын зерделеу тұрғысынан М. Әуезовтің тікелей басшылығымен және компаративті зерттеулерге басқалардан бұрын кіріскен Ш. Қ. Сәтбаеваның еңбектерін атап өту қажет, ол қазақ-еуропалық және қазақ-шығыс әдеби байланыстарын «XIX және XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ-еуропалық әдеби байланыстары» және «Қазақ әдебиеті және Шығыс» деген монографияларында қарастырды. Бұл екі бағыт оның аспиранттарының, сондай-ақ басқа зерттеушілердің жұмыстарында жалғасты. Атап айтқанда, 80-90 жылдары Ө. Т. Күмісбаев, Ә. Тәжібаев, А. Түсіпова, М. Маданованың қазақ-парсы, араб, неміс, ағылшын, француз әдеби байланыстары бойынша монографиялық зерттеулері жарық көрді» (Маданова, 1999: 162).

Қазақ өлең сөзінің теориясын жазған академик Зәки Ахметов қазақ әдебиетін үнемі басқа халық әдебиеттерімен салыстыра зерттейтін. Ғалымның «Лермонтов және Абай» атты еңбегі (Ахметов, 1954) салыстырмалы әдебиеттанудың маңызды саласы көркем аударма жөніндегі алғашқы іргелі зерттеулердің бірі болды.

Соңғы зерттеулерден А. Машакованың «Қазіргі кезеңдегі қазақ-еуропалық әдеби байланыстар» атты қазақ-чехословак, қазақ-румын, қазақ-болгар, қазақ-поляк әдеби байланыстары туралы зерттеу мақаласын атап айтуға болады. Ғалым негізінен 20 ғасырдағы көркем аударма арқылы жүзеге асқан қазақ-еуропа әдеби байланыстарын сөз еткенмен, қазақ-поляк әдеби байланыстарының 19 ғасырдан-ақ басталғанына тоқталады (Машакова, 2022: 43).

19 ғасырда қазақ-еуропалық әдеби байланыстардың негізгі сипатын әдебиет тарихына және әдеби сынға байланысты зерттеулер құрады. Бұл ғасырда Еуропа мәдениетінде ориентализм ағымы жүріп өтті. Ол сәулет өнерінде, сурет өнерінде, архитектурада және әдебиетте ерекше көрініс тапты. Мажар әдебиетінде ориентализм басқа еуропалық елдерге қарағанда басқаша сипатта болды. Мажарлардың Шығыстан өздерінің тектерін, Еуропаға қоныстанбай тұрғандағы тарихы мен мәдениетінің ескерткіштерін, іздерін табу мақсатындағы талпыныстары көптеген шығыс тақырыбындағы зерттеулерді тудырды.

Мажар ғалымдары қазақ мәдениеті мен әдебиеті туралы мажар тілінде жазылғандықтан, қазақ әдеби қауымына түгелдей танылып болмады. Қазақ тіліне бұл зерттеулер мүлде аударылмаған десе де болады. Сондықтан да қазақ әдебиеттануында белгілі қазақ-мажар әдеби байланыстары тек кеңестік дәуірді қамтиды. Ол кезеңде қазақ әдебиеті мажар тіліне орыс тілі арқылы аударылып, кеңестік дискурста танылған болатын. Ал біздің осы мақаламыз 19 ғасырдағы мажар шығыстанушылары мен түркітанушыларының еңбектерінде қазақ ауыз әдебиеті жөнінде жазылған пікірлер туралы болмақ. Яғни қазақ-мажар әдеби байланыстарының негізі 19 ғасырда қалана бастады деуге негіз бар.

Қазақ-мажар әдеби байланыстары туралы зерттеулер көп емес. Солардың арасынан С. Ананьева мен Валентина «Вегваридің Қазақ-мажар әдеби байланыстары.

Салыстырмалы аспект» атта зерттеу мақаласын атап көрсетуге болады (Ананьева, Вегвари, 2022: 51-73). Алайда бұл мақала 20 ғасырдың және соңғы кезеңнің әдеби байланыстарын қарастырады.

2. Зерттеу әдістері мен материалдар

2.1 Зерттеу әдістері

Зерттеу нәтижелеріне қол жеткізу үшін жалпы ғылыми әдістер қолданылды: жалпылау, талдау, синтез, жүйелеу және т. б. материалмен жұмыс жасау барысында зерттеудің жеке әдістері қолданылды: өмірбаяндық материалға жүгіну кезінде қолданылатын өмірбаяндық әдіс (Брашшаи Шамуэль туралы өмірбаяндық деректер); зерттеу үшін алынған еңбектерді сипаттау барысында – сипаттамалық әдіс; тарихи-салыстырмалы әдіс; талданатын көркем мәтіндер арасындағы өзара әрекеттесуді зерттеуде – интермәтіндік талдау әдісі («Ер Тарғын» жырынан үзінді және мақал-мәтелдер); талданатын ғылыми мәтіндердің тұжырымдамалық және дереккөздік құндылығына мән берілді. Мажар ғалымдарының еңбектері қазақ ғалымдарының еңбектерімен салыстырыла қарастырылады. Қазақ ауыз әдебиетіне басқа ел ғалымдарының көзқарасының объективтілігі және ерекшелігі айқындалады.

2.2 Материалға сипаттама

Қазақ-мажар әдеби байланыстары 19 ғасырдан басталады. Мажар ғалымдарының Орта Азия, соның ішінде қазақ әдебиетіне деген ықыласы ерекше. Қазақ әдебиеті туралы әзірге белгілі ең алғашқы мажар ғалымының пікірі XIX ғасырдың бірінші жартысында 1835 жылы «Vasarnapi Ujsag» (Вашарнапи Уйшаг-Жексенбілік газет) газетінде басылған.

Брашшаиден кейін қазақтар, қазақ әдебиеті туралы мәліметтерді мажар түркітанушысы Армин Вамберидің (1832-1913) еңбектерінен табамыз. 1862-1864 (Мажар түркітанушылары 2022: 240-241) жылдары «Рашид әпенді» дәруіш кейпінде Орта Азияға жасаған саяхаттарының нәтижесінде «Орта Азияға саяхат» (1865) атты кітап жазады. Ғалымның бұдан басқа мынадай еңбектері белгілі: 1. «Бұхара тарихы. Көне дәуірден бүгінге дейінгі таныс және бейтаныс шығыс жазбаларында» (1873), 3.«Мажарлардың шығу тегі және фин-угор тіл білімі» (1884), 4. «Түркі нәсілі. Этнологиялық және этнографиялық көзқарас» (1885), «Менің күресімнің тарихы» (1905). «Батыс мәдениеті Шығыста» (1906). «Мажар бесігінде. Мажар-түрік туыстығының басталуы және дамуы» (1914). Орта Азияда дәруіш киіммен (1966). Еңбектерінің біршамасы ғалым дүниеден өткен соң жарыққа шыққан. Ғалым Британ Ғылым академиясына қызмет еткен соң, Орта Азия халықтары мен елдері туралы мәліметтердің ағылшын тілінде британдықтарға және бүкіл Еуропа жұртшылығына таныстырған. Бірақ оның Орта Азияға сапарларының басты мақсаты мажарлардың ата жұрты мен шыққан тегін іздеп табу еді (Вамбери 1905:42).

«Түркі нәсілі» еңбегінің 40 беті қазақтарға арналған. Бұл еңбегінде қазақ-қырғыздар деп сөйлейді. «Қазақ» этнонимі, қазақтардың рулық-тайпалық құрылысы, қазақ тілі, қазақ халқының этнографиясы, қазақтардың орысқа бодан болуы туралы жазғандары бөлек бір зерттеу мақалаға негіз боларлық.

Қазақ-мажар әдеби байланыстарының басқа қазақ-еуропалық әдеби байланыстардан ерекшелігі бар. Себебі мажар зерттеушілері қазақ әдебиетінен типологиялық ұқсастықтарды емес, рухани бірлік, тарихи байланыстардың түп-тамырын іздеді. Мажар этнографиясы мен фольклорлық зерттеулерінде шығыстық мотивтерге үңілген еңбектер мол. Мажар мәдениетіндегі ориентализм тақырыбы 19 ғасырда ерекше өрбіді. Мажар саяхатшылары Шығысқа саяхаттады. Батыс Еуропа саяхатшылары экзотика іздесе, мажар саяхатшы-ғалымдары өздерінің көне тарихына қатысты жаңа деректер табылып қала ма деген үмітпен барды. Осы саяхаттардың нәтижесінде қазақ этнографиясы мен фольклоры туралы салмақты зерттеулер жарық көрді.

Қазақ әдебиеті – түркі халықтары әдебиетінің ажырамас бөлігі. Әсіресе, оның өткеніне үңілгенде, күллі түркі халықтарының әдеби ортақ мұрасы туралы сөз қозғамай болмайды. Түркі халықтарының әдебиеті мажар ғалымдарын ертеден қызықтырды. 19 ғасырда жазылып, 1903 жылы Мажар Ғылым академиясында Йозеф Туридің «Орта Азия түркі әдебиеті» атты еңбегі жарық көреді. Шынтуайтына келгенде, бұл Орта Азия халықтарының әдебиетіне арналған алғашқы әдебиеттанулық зерттеу болады. Оның алдындағы мажар ғалымдары, негізінен тарихшы-этнографтар, табиғаттанушылар Орта Азия түркілері туралы айтқанда әдебиетті де еске алып отырған. Йозеф Тури аталмыш еңбегінде: «Орта Азия түркілерінің мың жылдық тарихымен мақтана алатын әдебиеті ғылым алдында әлі терро инкогнито болып қалуда деуімізге болады, оның зерттелуі мен жүйелі танытылуын не бізде, не басқа шет елде қолға алған ешкім жоқ. Қандай да бір зерттеуді қойып, қысқа болса да тегіс шолу да жасалмаған, оған талпыныстың өзін әрең табамыз. Бұл әдебиеттің танылуына Европада ең көп еңбек сіңірген біз – мажарлармыз», – деп орынды айтып кеткен.

3. Талқылау

Шамуэль Брашшаи (1797-1897) – филолог, философ, жаратылыстанушы, Мажарстан Ғылым Академиясының мүшесі. Жағрапия, ботаника, математика, тіл білімі, тарих, статистика, экономикамен, музыканың теориялық мәселелерімен, эстетикамен, өнертанумен, педагогикамен айналысқан. Трансильвания полигисторларының соңғы өкілі. Білім беру саласында көптеген реформаларды бастап, жүзеге асырған. Ағылшын, неміс, француз және басқа Еуропа тілдерімен қатар, орысша, санскритше, түрікше, ивритше білген. 50-ден астам ғылыми еңбектің авторы. «Қырғыз-қазақтар» атты этнографиялық сипаттағы мақаласы 1835 жылы 15 қарашада «Жексенбілік газет» (Коложвар қаласы- бұрынғы Мажарстан, қазіргі Клуж Напоко-Румыния) деген басылымда жарияланған. Бұл мақала Будапештегі Иштван Сечени атындағы Мажарстан Ұлттық кітапханасында сақтаулы. Ескі газеттің қағазының сапасы нашарлап, диафильмге жазылып алынған.

Шамуэль Брашшаи «Қырғыз-қазақтар» атты этнографиялық очеркінде қазақтардың ақындық дарындылығы туралы былай дейді: «Қырғыздардың сан ғасырлық мәдениетінің бір көрінісі – ой тірілігі, қиялының күштілігі. Өлең-жыр және музыка – олардың сүйікті кәсібі. Бұған бір мысал мына өлең:

«Látod ama' havat?
Szerettem teste, fejejobb.
Látod a' vert, mely ama' leölt bárányból foly?
Arczai pirosbak.
Látod ezen elüszkölt fa törzsökét?
Haja feketébb.
Tudod-é mivel írnak khánunk mulláji?
Szemöldökei feketeébbek mint az ő tentájok.
Látod eme' tüzes szemet?
Szemei elevenebb fénnel ragyognak».

Қарды көрдің бе?
Сүйіктім еті одан ақ,
Қарға тамған қойдың қанын көрдің бе?
Сүйіктімнің беті одан қызыл.
Өртенген терек шоқтарын көрдің бе?
Шашы одан да қара.
Хандардың немен жазатынын көрдің бе?
Қастары олардың қадарынан да қара.
Отты көрдің бе?
Көздері одан да зор нұрмен жарқырайды.

Біз Брашшаидің аудармасын қазақшаға сөзбе-сөз аударып отырмыз. Брашшаи бұл үзіндіні қайдан алғандығы туралы ештеңе жазбаған. Образдарына қарағанда бұл шендестіру «Ер Тарғын» жырындағы Ақжүністің сипатын еске салады:

Молда барсаң, қасында
Қиюлы жатқан қалам бар.
Қалам көр де қасым көр.
....
Әр шаһарға қарасаң,
Құрулы тұрған күзгі бар,
Күзгіні көр де, көзім көр!
Қара жерге қар жауар,
Қарды көр де етім көр.
Қар үстіне қан тамар,
Қанды көр де бетім көр.

Бұл жыр үзіндісіндегі өлең құрылысының көркемдігін, ырғағы мен ұйқасын әдебиет теоретигі Зәки Ахметов жоғары бағалап, бірұйқасты тираданың үздік мысалы ретінде көрсеткен еді (Ахметов 1964: 275-276).

Бұдан әрі Брашшаи: «Қырғыздар дайындықсыз, суырып салып айтқанды, бір-бірімен екі-үштен немесе төрттен жарысып айтысқанды ұнатады. Музыкалық аспаптары: қобыз (скрипка тәрізді, бірақ шанағы ашық, ішегі аттың үш қылынан тартылған); сыбызғы (ұзын қамыс сырнай); балалайка (домбыра – Р.З). Жалпы музыка тыңдағанды ұнатады, бірақ негізінен емдеуге қолданады, себебі аурудан емдеу көбінде дұға оқудан тұрады. Адасқан малшылары жұлдыздарды таниды, алайда бұл білімдері ырымдарға шырмалған. Жеті қарақшы, мәселен, оларша – ақ боз ат пен көк боз атты айдаған жеті қасқыр. Қасқырлар оларды қуып жетіп, жеп қоятын болса, оларша ақырзаман болады. Қазақтардың қиял әлеміне берілгендігі сонша, оларда шын дүние мен қиял дүниесінің арасындағы шекара жойылып кеткен», – дейді. Жеті қарақшы туралы аңызға деген қазақтың аңғал сенімі ғалымды қайран қалдырады. Ғалымның бұл зерттеуі этнографиялық сипатта. Негізінен қазақтардың шаруашылығы, кәсібі, қолөнері, салт-дәстүрі, наным-сенімдері туралы. Бұл – мажар тарихында қазақ ауыз әдебиеті жайлы айтылған алғашқы пікір, бізді мажарлар бірінші рет осылай таныған.

XIX ғасырда Орта Азияға сапар шеккен мажар саяхатшыларының арасынан Армин Вамбери есімін бөле-жара атаған жөн. Орта Азияға жасаған саяхаттарының нәтижесінде «Орта Азияға сапар» (1892) деген кітап жазады. Онда Бұхара, Қоқан (Ферғана), Хиуа хандықтары, олардың құрылысы, сауда, жол қатынасы, салт-дәстүрлері туралы көп мағлұмат береді. Бұхара мен Қоқан хандықтары арасындағы соғыстарға да тоқталады. Бізге қызықтысы ғалымның қазақтар турасында айтқандары. Кітаптың «Хиуа» тарауында «Бұлардың көбі орыс билігінде» (Вамбери 1865:317) – десе, «Бұхара» тарауында: «Қырғыздар немесе қасақтар (өздерін осылай атайды) Бұхара хандығында аз. Орта Азия халықтарының арасында саны жағынан ең үлкен, көшпенділігі жөнінен ерекше орын алатын бұл халық туралы қағазға түсіргеніміз мардымсыз. Саяхатым барысында шоғыр-шоғыр орналасқан қырғыз киіз үйлерінде болып, халық санын сұрағанымда олар: «Алдымен даладағы құм түйіршіктерін санап ал, сонда біздің санымызға да жетерсің», – деп сақылдап күлді. Шекаралары туралы білетініміз де осының төңірегінде. Сібір, Түркістан және Каспи теңізінің аралығындағы кең даланы жайлап жатқан халық. Қоғамдық қатынастарына келсек, қырғыздар орыс пен қытайдың малшысы деген пікір жаңсақ. Ресей, Қытай, Қоқан, Бұхара және Хиуаның бар үстемдігі қырғыздар арасына салық жинауға адам жібергенде ғана білінеді. Қырғыздар салық жинауды озбыр тонаушылық деп ұғады, әйтсе де бүкіл табыстарының он пайызын ғана және салықты басқалай да төлей алатындарына риза. Ғасырлар, тіпті мыңжылдықтар бұрын болған дүниежүзілік төңкерістердің қырғыздар өміріне еткен әсері шамалы. Салт-дәстүрлері, ғұрыптары өзгеріссіз, тұран халықтарына тән табиғи қалпында қалған. Олардың арасында музыка және поэзияға құштарлықпен қатар, асылтектілік мақтаныш қайран қалдырады. Егер екі қырғыз кездесе қалса, бірден сұрайтындары: «Жеті атаң кім еді?» – деген сұрақ. Бұл сұраққа сегіз жасар бала да нақ жауап қата алады, жауап бере аламаса, көргенсіз, жетесіз саналады. Әскерилігі жөнінен қырғыздар өзбектермен,

әсіресе түркімендермен жарыса алмайды. (Вамбери бұл жерде батырлық емес, әскери жарақтану, қарулану жөнінде айтып тұрған болса керек. «Түрік нәсілі» еңбегінде қазақтарды батыр халық деп жазады – Р.З.). Ислам да аналарға қарағанда әлсіз. Әдетте байлар ғана қаладан бір-бір молда алдырып, ақысын түйе, қой, жылқы түрінде төлеп, әрі мұғалім, әрі молда, әрі хатшы ретінде ұстайды. Европалықтармен салыстарғанда қырғыздар қанша етене аралассақ та, ғажайып құбылыс болып қала береді. Жанған ыстықта да, қалың қарда да жүктерімен біраз аялдап, одан соң қайта көшіп жүре береді. Нанның бар екендігінен де хабарсыз, негізгі азықтары сүт пен ет. Қырғыз қала тұрғындарын немесе басқа отырықшыны ауру немесе ақымақ санайды, сықпыты монғол еместің бәріне аяп қарайды. Қырғыз эстетикасы бойынша сұлулық кемелдігі монғол нәсілінде жинақталған, себебі Тәңірі оларды жылқы текті етіп жаратқан, ал қырғыздардың түсінігінде жылқы тұқымы – жердегі барлық жандының патшасы» (Вамбери 1865: 334-335).

«Түрік нәсілі» еңбегінің «Қазақ-қырғыздар» тарауында қазақ ауыз әдебиеті, оның ұшан-теңіз байлығы, қазақтардың таңғажайып ақындық таланты туралы жазады: «Қазақтың еске сақтау қабілетінің кереметтігін Хиуада да мақтайды. Рухының осындай тірілігі қиял туындысы халықтық поэзияда шарықтап биікке көтерілген. Қазақтікіне тең келетін туындыларды Орта Азия көшпенділері түгіл, күллі Азия халықтарынан таппаймыз. Тек саны емес, сапасы жөнінен де қазақ халық поэзиясы оқшау тұр. Радлов «Оңтүстік Сібір түркі тайпаларының халық ауыз әдебиетінен ізденістер» («Proben der Volkslitteratur der türkischen Stämme Südsibiriens») атты еңбегінің III томында иран және мұсылман мәдениетінің ықпалына аз іліккен түркі халықтарының таза, шыншыл көне поэзиясының қайнар көздерінің молдығына дәлелдерді анық көрсетіп және оған деген біздің сенімімізді нығайта түседі. Қазақтар өздері рухани туындыларын екіге жіктейді: халық сөзі (яғни, қара сөз), екіншісі – кітап өлең. Бірінші топқа халықтық поэзияның қағазға түспеген, халық арасында ауыздан-ауызға тараған түрлері жатады. Екінші топқа хат танитын қырғыздардың туындылары енгенмен, оларда да халықтық рухтың табы бар, арқаулары ислам тарихы және имандылық» (Вамбери 1885: 355).

Вамбери мынадай қазақ мақалдарын келтіріп оның мағынасын мажаршаға аударып түсіндіреді:

Алтын басты қатыннан бақыр басты ер артық.
Ананың көңілі – балада, баланың көңілі – далада.
Анасын көріп қызын ал,
Қарысын көріп бөзін ал.
Ақылсызға төре жоқ.
Барымтадан қорыққан мал жаймас.
Екі аяқ бір етікке сыймас.
Екі қатынның басы қосылса базар болар.
Жасаған білмес, қыдырған білер.

Жеті атасын білмеген жетесіз.
Қазақ жаманы сарт болар,
Сарт жаманы қазақ болар.
Кімнің жерін жерлесен, соның жырын жырлайсың
Қойшы көп болса қой арам өлер.
Не ексең, соны орасың.
Сабыр түбі – сары алтын.
Сарт байыса там салар,
Қазақ байыса қатын алар.
Темірді қызғанда соқ.
Төсегіңе қарап, аяғыңды ұзат.
Ақылды ой ойлағанша,
Тентек ісін бітірер.
Байдың қатыны өлсе, төсегі жаңғырар,
Жарлының қатыны өлсе, басы қаңғырар.

Ғалым бұл мақалдарды «Қырғыз хрестоматиясы» (Ташкент, 1883) және Терентьевтің хрестоматиясынан (Санкт-Петербург, 1876) алғанын айтады. (Вамбери, 1885: 356).

Вамбери «халық сөзінің» ерекше жанры айтыс өлеңдердің екі топқа жіктелетінін айтады: «Бұлардың қазақша аты *қайым өлең*, яғни, достық өлең және *жұмбақ өлең*, яғни *жұмбақ ойын*. Мұнда құрдастар, қыздар мен жігіттер бірге жиналып немесе мейрамдарда жүздесіп, төрт тармақты суырып салма өлеңдермен тілдеседі. Екі жыршы мысқылдап, жұмбақ жасырып, кейде тұспал сөздермен бір-бірін жеңуге тырысады. Тұспалды түсінбесе, немесе лайықты жауап бере алмаса, жеңілген саналады. Көпшілік қыран-топан күлкіге кенеліп, жеңген адамға сыйлық береді. Сәтті өлең-жырлар халықтың есінде берік сақталып, ауыздан-ауызға тарап, даланың бір қиырынан екінші қиырына жетеді. Мысал ретінде Радлов жариялаған «*Мөнөк пен Опан қыз айтысының*» (III том, 48) басын келтіреміз. Жылқы ұрлағаны үшін қамауға түскен Мөнөк пен Опан қыздың сөйлескені мынадай» (Вамбери, 1885: 358-359), – деп айтыстан үзінді келтіреді.

Қазақ ауыз әдебиетінің жанрлары туралы ойларын «Ертегілер мен әңгімелер» (аңыз-әңгімелер дегені) деген тараушада жалғастырады: «Шынтуайтында қазақ халық поэзиясының ең қомақты бөлігін құрайтын бұл туындылар біріншіден соғыстар мен барымталарда көзге түскен ертедегі батырлардың істерін жырласа, екіншіден ғажайып ерлікке толы бұл асау қиял туындылары тыңдаушыларды елітіп, көңілін көтеруге бағышталған. Ертегілер де, әңгімелер де таза ұлттық қайнардан пайда болған, бірақ өзбектер, қарақалпақтар және түркімендер арасында аз. Олардың ертегілерінде білімсіздік пен шикілік басым. Ал қазақтар ұзақ ертеке пен әңгімені керісінше мәнді және сұлу сұхбаттың құралы деп біледі. Егер жыршы немесе бақсы тыңдаушыларға поэзиялық туындыны қобыздың сүйемелдеуімен шабыттана орындап

берсе, оларға бұдан артық ләззат жоқ. Жырланатын нәрсе – біреу, негізінен көпшілік сүйіп тыңдайтын бөліктердің бір-бірінен мейлінше өзгеше нұсқалары. Мәселен, Радлов варианты мен Березин хрестоматиясын алсақ, өлең өлшемі, композициясы, эпизодтары бір-бірінен мүлде бөлек. Березиндегі вариантта жыр бастан-аяқ өлеңмен берілген, Радловта қара сөз аралас және қысқарақ. Осы әңгімелердің поэтикалық құндылығына келсек, метафоралық сұлулығы және поэтикалық суретінің құбылуы жөнінен мысыр, араб және парсы меддах, мысалдарына жақын. Бірақ құштарлық оларға қарағанда табиғи және тартымды суреттелген. Баян атты қыздың сүйгені Қозының өлігінің қасында жылап айтқаны сияқты өлеңдер қазіргі меддах композицияларында сирек кездеседі». (Вамбери, 1885: 360-361)

Вамбери *кітап өлеңдер* туралы Радловтың олардың мақсаты ислам ілімін тарату және халықтық рухты күші білінбей тарайтын у тәрізді қуатты әсермен баяу жаншу деген пікіріне толық қосылатынын білдіреді. Алайда қазақ арасында *айтылатын Сейфүл Мәлікті* (Радлов, III.521) Әлішер Науаидың *Сейф-ул-Мәлік* атты дастанымен салыстырып қазақ жырларының көбі тілі мен ой жүйесіне қарағанда қазақ халық рухын танытатынын анық байқап, қазақ ақынының бейімдегіш шеберлігіне таң қалады. Мұндай кітап өлеңдердің көпке дейін жат рухтың туындылары болып, көпшіліктің жүрегіне ешқашан жол таппайтынын, қазақтардың тілі мен дүниетанымына ұзақ уақыт салып барып, оның өзінде шамалы ғана әсер тигізе алатынын ескертеді.

Қазақ әдебиеті – түркі халықтары әдебиетінің ажырамас бөлігі. Әсіресе, оның өткеніне үңілгенде, күллі түркі халықтарының әдеби ортақ мұрасы туралы сөз қозғамай болмайды. Түркі халықтарының әдебиеті мажар ғалымдарын ертеден қызықтырды. Жоғарыда аталған XIX ғасырдағы мажар түркітанушыларының ішінде бірыңғай филологиялық зерттеулермен айналысқан ғалым Тури Йожеф – түркітанушы Армин Вамберидің шәкірті еді (Мажар түркітанушылары, 2022: 234-235). Будапештегі Өтвөш Лоранд Ғылыми университетінде Орта Азия түркі халықтарының тілі мен әдебиетін оқытқан. XX ғасырдың басында 1904 жылы Мажар Ғылым академиясында Йожеф Туридің «Орта Азия түркі әдебиеті» атты еңбегі жарық көреді. Шынтауайтына келгенде бұл еңбек Орта Азия халықтарының әдебиетіне арналған мажар тіліндегі алғашқы әдебиеттанулық зерттеу болады. Йожеф Тури аталмыш еңбегінде: «Орта Азия түркілерінің мың жылдық тарихымен мақтана алатын әдебиеті ғылым алдында әлі *terra incognita* болып қалуда деуімізге болады, оның зерттелуі мен жүйелі танытылуын не бізде, не басқа шет елде қолға алған ешкім жоқ. Қандай да бір зерттеуді қойып, қысқа болса да тегіс шолу да жасалмаған, оған талпыныстың өзін әрең табамыз. Бұл әдебиеттің танылуына Европада ең көп еңбек сіңірген біз – мажарлармыз», – деп орынды мақтанады. (Тури 1904:1)

Мажар ғалымының пікірімен толық келісеміз. Автордың ортаазиялық түркілердің өміріндегі поэзияның орны туралы ойлары да назар аударарлық: «Үштен екісі поэзиядан тұратын Орта Азия түркі әдебиетінің туындыларын өлең және қара сөз жанрларындағы халық поэзиясы мен көркем әдебиет құрайды. Өлең түріндегі поэтикалық туындылардың саны прозалық туындылардан анағұрлым басым.

Орта Азия түркі әдебиетіндегі поэзияның үлес салмағы басымдылығын негізгі екі себеппен түсіндіруге болады. Біріншіден, әр түрлі сипаттағы, озық ғылыми әдебиет о бастан парсы және екінші кезекте араб тілінде болды, себебі парсы тілі Орта Азияда және түркі ұлттарында бізде, Европада, латын тілі қандай роль атқарса, сондай роль атқарды, яғни, мәдениет пен ғылымның, поэзияның тілі, соларды жеткізуші тіл болды. Түркілер де осы салалардағы еңбектерін парсы тілінде жазды, сондықтан ғылыми әдебиет туындыларының қомақты бөлігі бізге осы тілде жетті (Morán, 2025: 5). Екіншіден, ақындық таланттың маңызы, шығыс халықтарында, солардың ішінде түркілерде, ақындық қабілеттің құдіреті зор және ол көпшілікке тән қасиет. Мәдениеті жас халықтарда рух қабілеттерінің ішінде зерттеу, ақиқатты іздеуге тырысушылық емес, сезім мен тірі қиял басты рөл атқаратынын жақсы білеміз, соның салдарынан рухтары көркем түрде, ән, саз, поэзия арқылы көрініс тапқан. Әр адамы ақын, ең құрығанда өлеңші; бірі – шығармашылық қуаты бар ақын, екіншісі – орындаушы ақын; жасына және дәрежесіне, кәсібіне қарамастан барлығы бірдей поэзияға қызмет ететін, әркімі өлең жазатын немесе әпсана, ертегі өретін, аңыз тудыратын, оған қабілеті болмаса, жаны әсем тыңдаушы болып, басқалардың рухани өнімдерін ары қарай жалғайтын; ең ақыры – ақындық қабілет пен өлеңшілік дарын ұлы құрметке, сүйіспеншілікке ие болғандығы сондай, тіпті махаббатта да шешуші рөл атқарып, қыздары көп ішінен ақын жігітті таңдайтын шалғай Шығыста, Орта Азия түркілерінде, осылай болған және болып келеді» (Тури 1903: 5-6).

Мажар тарихында йокулаторлар, игрицшілер, жыршылар, скрипкашылар мен лантшылар секілді ордендер болған. Йожеф Тури Орта Азия түркілерінің ішінен соларға ұқсас қызметі және нан табуы поэзияның әр түрлі жанрлары арқылы жүзеге асатын өзгеше орденді, қоғамдық тапты байқайды. Бұл ордендердің мүшелерін оларды кімдер асырайтынына – қобыз, дутарға сүйенетін, не жайлы, қалай айтылмағы көпшіліктің талғамына бейімделетін шығармаларын кімдер тыңдайтынына – байланысты үш топқа бөледі: «Бірінші – даланың көшпенді рулары арасында бір жерден екінші жерге көшіп, нағыз халық өлендерімен, ұлттық мазмұнды батырлық әнгімелермен, тарихи жырлармен, діни және моральдық мазмұндағы оқиғалармен және ерте замандардан жеткен аңыздармен көпшілік көңілін көтеретін *бақсылар*; бұл уақытта қаланың және ауылдың отырықшы халқы, қолөнерші және саудагер топ көшеде, алаңдар мен базарларда көркем әдебиет туындыларын, бұрынғы ақындардың өлендерін немесе өз туындыларын жырлайтын *ашықтардың* шығармаларын сүйіп тыңдап жатады. Ең соңғылары – жыршы орденнің ең мәдениетті тобын құрайтындар. Мадақ жырлар, әскери жорық жырлары, батырлық дастандар, тағы басқа да керемет поэзиялық туындыларымен билеушілердің көңілдерін көтерушілер, той-думандарының сәнін келтірушілер. Оларды (*сарай ақындарын* – Р.З.) билік басындағылар мен асыл тектілер сарай мандарында ұстаған» (Тури 1903: 7).

4. Зерттеу нәтижелері

Мажар ғылымында қазақ әдебиеті туралы алғаш рет пікір білдірген – Шамуэль Брашшаи. Ғалымның Орта Азияда, Қазақстанда болғаны туралы деректер жоқ.

Мақалада қазіргі мажар тілінде қолданылмайтын ескі мажар сөздері мен тіркестері молынан кездеседі. Жазғандарына қарағанда ғалым қазақтар туралы деректерді бір емес, бірнеше орыс ғалымдарының зерттеулерінен алып, ой түйіндегенге ұқсайды, бірақ кімдердің еңбектеріне сүйенгеніне сілтеме жасамаған. Мажарстан Ғылым Академиясының мүшесі әрі сол кездің ғылыми ортасы мойындаған, заманының озық ойлы ғалымының қазақтарды әбден танып-білмей, бұл деректерді келтіруі тіпті де мүмкін емес. Қалай дегенмен де, бұл – мажар ғылымындағы қазақтар туралы әзірге белгілі алғашқы пікір. Бізді алғаш рет мажар жұрты осылай таныпты. Зерттеу мақаламызда қазақ әдебиеті туралы Брашшайдің жазғандары қазақ тіліне бірінші рет аударылып, басылып отыр. Өткеніміз бен бүгінгімізге үңілу, өзімізді тануымыз үшін бұл жазбаның мәні зор. Шоқан туған жылы, Абайдың дүниеге келуіне он жыл қалғанда жазылған бұл зерттеуде қазақтың 19 ғасырдағы бейнесі тұр. Брашшай қазақтардың поэзияға құштарлығын айта келе, қазақ ауыз әдебиетіне тән бірнеше қасиетті атап көрсетеді: «Ер Тарғын» жырынан келтірілген көркем образдар арқылы қазақтардың сөз өнеріндегі шеберлігі; бұған қоса қазақ ақындарының суырып салып айтатын қасиеті; оны емшілікке пайдалануы; қазақтардағы қиялдың күштілігі; қиял әлемі мен шындық әлеміндегі шекараның болмауы. Мажар ғалымы байқаған бұл ерекшеліктер шынымен де қазақтарға тән қасиеттер, қазақ ауыз әдебиетінің айырықша белгілері.

Армин Вамбери қазақ поэзиясындай фольклорлық мұра тек қана Орта Азия емес, бүкіл Азияда басқа ешбір халықта жоқ деп бағалайды. Ғалым «халық сөзінің» үлгілі сөз, бата сөз, ұзатқан қыздың өлеңі, шер өлендері (жоқтаған сөз), айтыс өлең (қайым өлең) сияқты жанрларын, олардың ерекше сипатын байқайды. Бұлардың оңтүстік және батыс отырықшы түркілерде өте қысқа және өте өшкін нұсқаларда қалғанын айтады. Қазақ халық поэзиясының табиғи сұлулығын шығыстың жалтырақ поэзиясымен салыстыра келіп, мынадай әділ тұжырым жасайды: «Суреттерінің таңғажайып қарапайымдылығы, көбінесе элегиялық көңіл-күй, өткір метафорлар бай және жанды қиял шығыс поэзиясын баяғыда-ақ артта қалдырып кеткен, соңғысының көз қарықтырар жарқылы мен тым бай салтанаты, жалтырағы жасанды, табиғи емес ой жүйесін танытады. Қазақ халық поэзиясының таңғажайып туындылары аңғалдығымен, және ережеге бағынбайтындығымен бізді ынтықтыра түседі» (Вамбери, 1885: 356).

Вамбери Радловтың «Мөнөк пен Опан қыз айтысын» (Радлов, 2013: 191-195) тұтас алмай тек алты шумағын мажар тіліне аударған. Мажар ғалымы бұл айтыстан «қыз бен жігіт айтысының» басты сипаттарын байқайды: «Танысу, бір-бірін қақпайлау, қалжыңдау және мысқалдау ұзаққа созылып, сөз бен орамға шеберлігі аз адам жеңілген саналады. Мұндай сәттерде қазақ сұлу жынысқа қатысты сыпайылық танытуды білмейді. Ал қыздардың жеңілісі сирек, әлбетте олар қарсыласы бақсы немесе нағыз ұйқасшы я трубардур болғанда ғана сөзден ұтылады», – деп қазақ әйелдерінің сөз өнеріндегі талантын атап көрсетеді. (Вамбери 1885: 355) Зерттеуші салт жырларының ішінен «Той бастар», «Ұзатқан қыздың жыры», «Беташар», «Жоқтаған жыр» (жоқтау) сияқты жанрларды атап көрсетіп: «Қазір бұл сипатты өлеңдер тек осы көшпенділерде (қазақтарда) ғана табиғи, ескі қалпында сақталған,

ал Орта Азияның жартылай отырықшы түркі халықтарының дәстүрінен шығып қалған немесе исламның әсерімен өзгерілген, батыс түркілерде тіпті қалмаған да», – дейді. (Вамбери, 1885: 360)

Брашшаи негізінен этнографиялық зерттеулер жүргізді, Вамбери шығыс әлемін зерттеуші, түркітанушы ретінде қазақ және бүкіл түркі мәдениеті мен әдебиетін зерттеуші болса, Йожеф Тури таза әдеби зерттеулермен айналысты. Орта Азия әдебиеті туралы айтқан пайымдаулары жеке бір халықтың мұрасы емес, бүкіл түркі әлемін тұтастай қамтуымен, бір мәдени кеңістікте, ортақ көркем мұра қалдырған біртұтас өркениет туралы сөз қозғады.

Ғалым орта азиялық түркілердің көне замандардан мұра, қомақты бөлігін көркем поэзия мен халықтық поэзия құрайтын рухани шығармаларына таң қалмаса да болатынын айтады. Бұған себеп – орта азия билеушілерінің әрқашан поэзияның жанкүйерлері болулары, әсіресе Тимурид, Шайбанид, Астраханид билеушілерінің кейбірінің ақындарды жақсы қаржыландырып, кейбірінің заманының небір мықты ақындарын сарайларында ұстаулары дейді.

Әдебиеттанушы ғалым орта азия түркілерінің әдебиетін төмендегідей дәуірлейді:

1. *Ең көне дәуір*, көне замандардан басталып монғол шапқыншылығына дейін, яғни 1220 жылға дейін созылады.

2. *Шағатай дәуірі*, монғол шапқыншылығынан Тимуридтер билігінің құлауына дейін, яғни 1220 дан 1500 жылға дейін

3. *Өзбек дәуірі*, өзбек түркілердің билікке келуінен, 1500 жылдан бүгінге дейін (Тури 1904: 11).

Йожеф Туридің бұл жазғандарының маңызы зор деп білеміз. Бұл – Мажарстанда Орта Азия түркілерінің әдебиеті туралы айтылған алғашқы жүйелі ғылыми пікір.

5. Қорытынды

19 ғасырдағы мажар ғалымдары негізінен халық ауыз әдебиеті жөнінде пікір білдірген. Себебі ол уақытта қазақ жазба әдебиеті де қалыптасу дәуірін басынан кешіріп жатқан болатын. Мажарларды қазақ фольклорының жанрлық байлығы, эпостары қайран қалдырған. Олар қазақ халқының түркі халықтарының арасында сөз өнерінде озық тұрғанын баса айтады. Орта Азия түркі әдебиетінің туындыларын өлең және қара сөз жанрларындағы халық поэзиясы мен жазба әдебиетін зерттеген мажар ғалымдары өлең түріндегі поэтикалық туындылардың саны прозалық туындылардан анағұрлым басымдығына ерекше назар аударған.

Мажар зерттеушілері қазақ поэзиясындағы суреттердің қарапайымдылығын, элегиялық көңіл-күйді, өткір метафорларды, бай және жанды қиялды атай келіп, қазақ поэзиясы шығыс поэзиясынан көркемдігі мен мазмұны жағынан озып кеткендігін, табиғи ой жүйесін танытатын қасиетін жоғары бағалайды. Қазақ халық ауыз әдебиетінің жанрлық жіктелуі туралы баяндағанда да қазақ әдебиетінің табиғаты мен сан ғасырлық әдеби дәстүрін ескере отырып жүйелі пікірлерін білдірген.

Жоғарыда келтірілген зерттеулер алғаш рет мажар тілінен тікелей аударылып, қазақ әдебиеттану ғылымының қорына қосылып отыр. Мажар зерттеушілері

пікірлерінің қазақ әдебиетінің Еуропа жұртшылығына танылуына зор үлес қосқаны анық. Оның үстіне бұл зерттеулерден мажар ғалымдарының өз рухани қазыналарының қайнар көздерін табуға деген талпыныстары да байқалмай қалмайды. Басқа европалық әдебиетпен салыстырғандағы қазақ-мажар әдеби байланыстарының ерекшелігі де – осы рухани тамырластықта, туыстықта.

Әдебиеттер:

1. Ананьева С. В., Вегвари В. Казахско-венгерское литературное сотрудничество: сравнительный аспект // Казахстан и мировое литературное пространство: компаративные исследования. – Алматы: Silver Press, 2022. – 174 с.
2. Ананьева С. Мировые литературоведение как область научного знания: традиции, тенденции. – Keruen. – 2024. – 82(1). – С.28–35. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.1-02>
3. Ахметов, З. А. Абай и Лермонтов: Эссе. – Алматы: «Арда», 2008. – 160 с.
4. Ахметов З. Казахское стихосложение. Проблемы развития стиха в дореволюционной и современной поэзии. – Алматы: Арда, 2012. – 480 с.
5. Брашшай Шамуэль. Кыргыз-қазақтар // Вашарнапи Уйшаг. – 1835. – №857. – 6.731-750.
6. Вамбери А. Менің күресімнің тарихы. – Будапешт: Франклин қоғамы. Мажар Әдебиет институты және кітап баспасы, 1905. – 200 б.
7. Вамбери А. Орта Азияға саяхат. – Пешт, 1865. – 399 б.
8. Вамбери А. Түрік нәсілі: Этнологиялық және этнографиялық көзқарас. III тарау. Қазақ-қырғыздар. – Будапешт: MFA, 1885 – 769 б.
9. Morán P. F. (2025) Dressing Asian to Look European: Chilean Writers Facing World Literature.– Transmodeniti: Journal of Peripheral Cultural Production of the Luso-Hispanic World, 12(2). <https://doi.org/10.5070/T4.42501>
10. Маданова М.Х. Актуальные вопросы литературной компаративистики. – Алматы: Ғылым, 1999. – 266 стр.
11. Мажар түркітанушылары // Қысқаша биографиялық энциклопедия. Анкара, 2022. – 254 б.
12. Машакова А. Казахско-европейские литературные связи на современном этапе // Казахстан и мировое литературное пространство: компаративные исследования. –Алматы: Сильвер Пресс, 2022. – 174 с.
13. Классические исследования: Многотомник. Радлов В.В. Из Сибири. Т. 12: Ч.Ч.Валиханов, В.В.Радлов, Г.Н.Потанин. Труды по фольклору. – Алматы: «Әдебиет әлемі», 2013. – 392 с.
14. Сатпаева Ш.К. Казахстанско-европейские литературные связи XIX и первой половины XX века. Собрание сочинений в 5-ти томах. Т.2. – Астана: Елорда, 2007. – 690 с.
15. Сатпаева Ш.К. Бестомдық шығармалар жинағы. «Время времени». Статьи. IV том. – Астана: Елорда, 2012. – 408 с.
16. Тури Йожеф. Орта Азия түрік әдебиеті. – Мажарстан Ғылым академиясы: Будапешт, 1904. – 77 б.

References:

1. Ananyeva S. V. (2022) Valentina Vegvari. Kazakh-Hungarian literary cooperation: a comparative aspect. Kazakhstan and the world literary space: Comparative Studies]. Almaty: Silver Press. – p. 51-73. 174 p. (in Russ)
2. Ananyeva S. (2024) World literary criticism as a field of scientific knowledge: traditions, trends. Keruen. 82(1). – P.28–35. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.1-02>
3. Akhmetov Z. A. (2008) Abai and Lermontov. Essay. Almaty: «Arda». – 160 p. (in Russ)
4. Akhmetov Z. (1964) Kazakh versification (Problems of verse development in pre-revolutionary and modern poetry. Almaty: Arda+7, 2012. – 480 p. (in Russ)
5. Brassai Samuel (1835) Kyrgyz-Kazakhs. Vasárnapi újság. №85 1835. november 15. – p. 731-750. (in Hung)

6. Vámbéry A. The story of my struggles. Budapest, Franklin Company. Hungarian Institute of Literary and Book printing. 1905. – 200 p. (in Hungarian: Vámbéry Ármin Küzdelmeim. Budapest. Franklin-Társulat. Magyar irod. intézet és könyvnyomda. 1905. 200 old) (in Hung)
7. Vámbéry A. (1865) Travels in Central Asia. Pest. p.1865. 396 old. (in Hung)
8. Vámbéry Á. (1885) The Turkic People in its Ethnological and Ethnographic Connexions. Budapest. MTA. 1885 – 769 p. (in Hung)
9. Morán P. F. (2025) Dressing Asian to Look European: Chilean Writers Facing World Literature.– Transmodeniti: Journal of Peripheral Cultural Production of the Luso-Hispanic World, 12(2). <https://doi.org/10.5070/T4.42501>
10. Madanova M. H. (1999) Actual issues of literary comparativistics. Almaty: Gylym. – 266 p. (in Russ)
11. Small Biographical Encyclopedia of Hungarian Turkologists. (2022) Ankara: Türksoy. – 254 p. (in Turk)
12. Mashakova A. (2022) Kazakh-European literary relations at the present stage. Kazakhstan and the world literary space: comparative studies. Almaty, Silver Press. – 174 p. (in Russ)
13. Radlov V.V. (2013) From Siberia. /Classical Studies: A multi-volume work. Almaty: «Adebiyet alemi». T.12. Ch. Valikhanov, V.V.Radlov, G.N.Potantin. Works on folklore. – 392 p. (in Russ)
14. Satpayeva Sh. K. (2007) Kazakh-European literary relations of the 19th and the first half of the 20th century. Collected works in 5 volumes. Volume 2. – Astana: Elorda. – 690 p. (in Russ)
15. Satpayeva Sh. K. (2012) «The Journey of time». Volume IV. Collection of works in five volumes. Astana: Elorda.– 408 p. (in Russ)
16. Thúry József. (1904) Turkic literature of Central Asia. In Hungarian: A közép-ázsiai török irodalom. Budapest. Hungarian Academy of Sciences. Budapest. – 77 p. (in Russ)